

**Мақтаарал ауданы білім бөлімінің  
№1 «Саят» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорны**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАЛАРЫ**

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

**МККК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы**

**Педагогикалық кеңестің**

**№1 хаттамасы**

Күні: 29.08.2025ж Қатысқандар саны: 7

Қатыспағандар-0

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. **2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары туралы** Баяндамашы: меңгеруші м.у.а.Р.М.Джунускулова
2. **Білім беру қызметкерлерінің республикалық, облыстық, аудандық тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру**  
Баяндамашы: әдіскер А.У.Налибаева
3. **Жазғы сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының қорытындысы.**  
Баяндамашы: әдіскер А.У.Налибаева
4. **2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды бекіту:**
  - Жылдық мақсаттар мен міндеттер
  - Оқу жоспары мен вариативтік бөлім
  - Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесі
  - Перспективалық жоспарлар
  - Топтардағы күн тәртібіБаяндамашы: әдіскер А.У.Налибаева
5. **Аттестациядан өтетін педагогтердің анықтау және бекіту.**  
Баяндамашы: меңгеруші м.у.а.Р.М.Джунускулова
6. **Педагогикалық тренинг:**  
**«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс».** Өткізгендер: әдіскер А.У.Налибаева, психолог С.Т.Налибаева

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Меңгеруші м.у.а. Р.М.Джунускулова жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып, ұйым қызметінің бағыттарына ықпал берді.
2. Әдіскер А.У.Налибаева білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің мазмұнын қысқаша шолып, онда көтерілген басты мәселелер мен ұсыныстарды ортағасалды.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілген іс-шаралар талданып, қатысушылардың белсенділігі мен денсаулығына оң әсері атап өтілді.
4. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымы таныстырылып, төмендегі құжаттар бекітілді:
  - Жылдық жоспар

- Оқужоспарлары
  - Вариативтікбөліммазмұны
  - ҰІӘ кестесі
  - Перспективалықжоспарлар
  - Күн тәртібі
5. 2025–2026 оқужылындааттестацияданөтетінпедагогтертізіміжасақталып, бекітілді.
6. «Мектепкедейінгіұйымпедагогыныңкәсібидамуы: бүгінгісұраныс» тақырыбындағы тренинг қызықтыәріпайдалытүрдеөтті. Қатысушылар кәсіби өсу деңгейін анықтап, топтықжұмыстар, жеке рефлексияларқылыөз даму жоспарынжасады.

### Шешімі

1. 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысының негізгі бағыттары мақұлдансын.
2. Тамыз кеңесінің ұсыныстары негізінде педагогтердің жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер енгізілсін.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары негізінде келесі жаз маусымына ұсыныстар дайындалсын.
4. Жылдық жоспар, оқу жоспарлары, күн тәртібі және барлық құжаттар бір ауыздан бекітілсін.
5. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі бекітілсін, жеке даму жоспарларын жасау тапсырылсын.
6. Педагогикалық тренингті жүйелі түрде әр тоқсанда өткізу ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



Р.Джунускулова

А.Налибаева

**МКҚК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы**

**Педагогикалық кеңестің**

**№2 хаттамасы**

Күні: 15.11.2025ж  
Қатыспағандар-0

Қатысқандар саны: 7

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1.№2 педагогикалық кеңес тақырыбы:

**«Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту»**

**Мақсаты:** 2025–2026 оқу жылының бағытына сай ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық, эмоционалдық және психологиялық қабілеттерін дамытатын, өмір сүру сапасын арттыратын қолайлы инклюзивті орта құру. Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.

**1.«Жасанды интеллект – инклюзивтібілім беру құралы»**  
*тәрбиеші Уразбаева А.*

**2.«Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық»**  
*тәрбиеші Джунускулова Р.*

**3.Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз»**  
*Жүргізуші: педагог-психолог Налибаева С.*  
№1 педагогикалық кеңесте  
қабылданған шешімдерінің орындалуы.

2025–2026 оқу жылының негізгі бағыттарының бірі – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қолдау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ойын және цифрлық технологиялар арқылы танымдық қызығушылықты дамыту.

Осы бағытта өткен педагогикалық кеңесте түрлі мамандар өз тәжірибелерімен бөлісіп, шеберлік сыныптарын көрсетті.

**1. «Жасанды интеллект – инклюзивтібілім беру құралы»**

**Баяндамашы:** тәрбиеші Уразбаева А.

**Мазмұны:**

Баяндамада жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен оны инклюзивті ортада қолданудың тиімді жолдары қарастырылды.

Тәрбиеші **Umaigra Kids, Talkie AI Avatar, CoSpaces EDU, Quiver Vision** секілді платформалар арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қызығушылығын арттыру тәжірибесін ұсынды.

Сонымен қатар, AI құралдарының көмегімен балалардың логикалық ойлауын, сөйлеу қабілетін және эмоциялық танымын дамыту жолдары көрсетілді.

**Нәтижесі:** педагогтерге ЖИ технологияларын сабаққа кіріктірудің нақты тәсілдері ұсынылды.

**2. «Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық»**

**Баяндамашы:** тәрбиеші Джунускулова Р.

**Мазмұны:**

Инклюзивті топтағы балалардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Тәрбиеші «**Психологиялық қауіпсіздік бұрышы**», «**Қауіпсіз ойын ережесі**», «**Менің денем – менікі**» сияқты тәжірибелік жаттығуларды таныстырып, қиын балалармен жеке жұмыс жүргізудің нақты әдістерін көрсетті.

Педагог әр баланың өзін қауіпсіз, қабылданған және бағаланған сезінуі үшін қандай әрекеттер маңызды екенін түсіндірді.

**Нәтижесі:** топтағы қамқорлық пен сенім атмосферасын қалыптастырудың тиімді тәсілдері көрсетілді.

**3. Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз»**

**Жүргізуші:** педагог-психолог Налибаева С.

**Мазмұны:**

Тренинг барысында педагогтер арасында серіктестік пен эмпатияны дамыту мақсатында «**Әр бала ерекше**», «**Қолдау көпірі**», «**Қабылдаудың күші**» атты топтық және рөлдік жаттығулар өткізілді.

Психолог инклюзия ұғымын кеңінен түсіндіріп, әр педагогтің баланың дамуына әсер ететін эмоционалдық және кәсіби рөлін айқындауға көмектесті.

**Нәтижесі:** педагогтердің инклюзия туралы түсінігі тереңдеп, бірлесе әрекет ету мәдениеті мен толерантты көзқарас қалыптасты.

**4. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы**

**Баяндамашы:** әдіскер Налибаева А.

**Мазмұны:**

Әдіскер жыл басында қабылданған шешімдер мен жобалардың орындалу барысын талдап өтті.

«**Білім келешегі: Адал азамат – кәсіби маман**» бағыты аясында педагогтердің кәсіби дамуына арналған әдістемелік жұмыстардың нәтижесі ұсынылды.

Атап айтқанда:



**Түркістан облысы білім бөлімі мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорны «№1 «Саят» бөбекжай бақшасы**

Кезектен тыс педагогикалық кеңес

**№3 Хаттама**

15.12.2025 ж.

Қатысқан педагогтар саны: 7

Қатыспағандар:0

**Күн тәртібіне қаралатын мәселелер:**

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін –өзі бағалау комиссиясын құру туралы (МДҰ меңгерушісінің м.у.а.)

**Тыңдалды:**

1. МКҚК № 1 «Саят» бөбекжай бақшасының меңгеруші м.у.а. Джунускулова Райхан ҚРОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдарды атестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік атестаттау Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2025 жылдың 07 қарашасы № 1632 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау қолдану арқылы мемлекеттік атестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады (2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылы, 2025-2026 оқу жылы)

Сонымен қатар, МДҰ меңгеруші м.у.а. Джунускулова Райхан оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзіге асырылатынын түсіндірді:

- 1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

- 2) Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;
  - 3) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілі қағидаларын сақтау;
  - 4) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;
  - 5) Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің қорытындысы және талдауы.
2. МКҚК №1 «Саят» бөбекжай бақшасының әдіскері Налибаева Айсулу ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін (бар болса) олардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше назар аударуды сұрады.
3. Шешім: 1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын. Мерзімі 17.12.2025-27.12.2025 жылға өткізілсін
2. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:
- Комиссия төрайымы: 1. Р.М.Джунускулова - меңгерушісі м.у.а.
2. Налибаева С.Т - психолог
  3. Уразбаева А.К - тәрбиеші
  4. Усипбаева К.Д - тәрбиеші
  5. Налибаева А.У - тәрбиеші

Жиналыс төрайымы  
Хатшы:



Р.Джунускулова  
А.Налибаева

**МКҚК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы**

**Педагогикалық кеңестің**

**№4 хаттамасы**

Күні: 16.01.2026ж

Қатысқандар саны: 7

Қатыспағандар-0

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі
2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы Тәрбиеші: Джунускулова Р.
3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу Тәрбиеші: Налибаева С.
- 4.«Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы Әдіскер: Налибаева А
5. «Мектеп жасына дейінгі балалардың хореографиялық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық орнату» Хореограф: Акбарова Д
6. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» Тәрбиеші: Есалиева А

**1-сұрақ**

**№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі**

**Сөйлеген: әдіскер А. Налибаева**

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері!

№2

педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша есеп беруге рұқсат етіңіздер.

Өткен кеңесте педагогтердің жоспарлық жаттамаларын ретке келтіру, балалардың даму

мониторингін сапалы жүргізу және ұйымдастырылған оқу қызметінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану міндеттері қойылған болатын.

Осы бағытта жүйелі жұмыстар атқарылды. Барлық жастоптарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар қайта қаралып, білім беру салалары бойынша нақты толықтырылды.

Педагогтер тарапынан ойын технологиялары, сергіту сәттері, дамытушы тапсырмалар жиі қолданылып келеді.

Мониторинг нәтижелері уақытында толтырылып, талдау жасалды.

Кейбір педагогтерге әдістемелік көмек көрсетілді. Жалпы алғанда, №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер қанағаттанарлық деңгейде орындалды деп сөзтейміз.

## **2-сұрақ**

**«Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы**

**Тәрбиеші: Джунускулова Р.**

Құрметті әріптестер!

Бүгін сіздерге «Әкелер мектебі» жобасы туралы айтып өткім келеді. Қазіргі таңда бала тәрбиесінде ананың ғана емес, әкенің де рөлі өте маңызды. Әке – баланың өмірдегі тірегі, үлгісі, қорғаны.

«Әкелер мектебі» жобасының негізгі мақсаты – әкелерді бала бақша өміріне тарту, олардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуына жағдай жасау.

Жоба аясында әкелер мен түрлі кездесулер, ашық кесік күндері, спорттық сайыстар, тәрбиелік әңгімелер ұйымдастырылады.

Практика көрсеткендей, әкесі белсенді қатысатын бала өзіне сенімді, ашық мінезді, ортаға тез бейімделеді.

Әкелермен бірлескен жұмыстар отбасындағыынтымақтастықты арттырып, бала тәрбиесінің сапасын жақсартады.

Сондықтан бұл жобаны жүйелі түрде жалғастыру қажет деп санаймын.

## **3-сұрақ**

**«Жасаналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар»**

**Іс-тәжірибе бөлісу**

**Тәрбиеші психолог: Налибаева С.**

Құрметті педагогтер!

Жас аналармен жұмыс жасау – үлкен жауапкершілікті талап ететін бағыттардың бірі. Себебі жас аналар тәжірибесі аз, бала тәрбиесіне қатысты көптеген сұрақтары болады.

Жас аналармен жұмыс жүргізуде ең алдымен сенімді қарым-қатынас орнату қажет. Ана өзін түсінетінін, қолдайтынын сезінуі керек. Кеңестерді жұмсақ, түсінікті тілмен, мысалдар арқылы берген тиімді.

Сонымен қатар баланың жас ерекшеліктерін түсіндіру, бейімделу кезеңінде сабыр сақтау, баланы асықтырмау, салыстырмау керектігін ескерту маңызды. Біз аналармен жеке кеңес беру, топтық әңгімелесу, дөңгелек үстелдер арқылы тығыз байланыс орнатамыз.

Осындай жүйелі жұмыстар ананың да, баланың да балабақшаға бейімделуін жеңілдетеді.

#### **4-сұрақ**

**«Мектеппен сабақтастық: “Бастауышпен көпір” жобасы»**

**Әдіскер: Налибаева А.**

Құрметті кеңес мүшелері!

Баланың мектепке дайынболуы – балабақша мен мектептің бірлескен жұмысының нәтижесі. Осы мақсатта «Бастауыш пен көпір» жобасы жүзеге асырылуда.

Жобаның негізгі мақсаты – баланың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыдан дайын болуына жағдай жасау. Балалар бастауыш сынып мұғалімдерімен танысып, мектеп өмірі туралы алғашқы түсінік алады.

Балабақшада жүргізілетін оқу қызметтері мектеп бағдарламасына бейімделе отырып ұйымдастырылады. Бұл балалардың жаңа ортаға қорқынышсыз, сенімдік адам жасауына көмектеседі.

Сабақтастық – баланың болашақоқужетістігініңкепілі.

#### **5-сұрақ**

**«Мектеп жасына дейінгі балалардың хореографиялық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық орнату»**

**Хореограф: Акбарова Д.**

Құрметті әріптестер!

Хореография – баланың денедамуына, әсемдік сезімінің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Баланың би қимылдары арқылы өзінің еркін көрсетуі, сенімді болуы қалыптасады.

Бұл бағытта ата-анамен бірлескен жұмыс аса маңызды. Ата-аналарға ұйғағдайында жасалатын қарапайым қимылдар, жаттығулар ұсынылады. Бірге билеу, музыка тыңдау баланың қызығушылығын арттырады.

Ата-ананың тымақтастық орнату арқылы біз баланың қабілетін толық ашуға мүмкіндік аламыз.

## **6-сұрақ**

**«Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру»**

**Тәрбиеші: Есалиева А.**

Құрметті педагогтер!

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тұлғалық негізін қаланатын маңызды кезең. Осы уақытта балаға оның құқықтары мен міндеттері туралы алғашқы түсінік беру қажет.

Құқықтық сауаттылықты қалыптастыруда күрделі ұғымдарды емес, қарапайым ережелерді, ойына арқылы түсіндіру тиімді. Мысалы, «менің құқығым», «менің міндетім», «досқа көмектесу», «тәртіп сақтау» сияқты түсініктерді күнделікті өмірде қолданамыз.

Бұл жұмыстар ата-анамен бірлесіп жүргізілгенде ғана нәтижелі болады. Баланың өзіне деген сенімі артып, қоғамда өзін дұрыс ұстауға үйренеді.

## **ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ**

Педагогикалық кеңес барысында көтерілген мәселелер баланың ортаға бейімделуінде еотбасы, балабақша және мектеп арасындағы ынтымақтастықтың маңызын көрсетті.

## **№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы**

1.1. №2 педагогикалық

кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деңгейде.

1.2.

Орындау барысында анықталған кемшіліктерді жою үшін педагогтерге әдістемелік көмек көрсетілсін.

**Жауапты:** әдіскер

**Мерзімі:** тұрақты

## **2. «Әкелер мектебі» жобасы бойынша**

2.1. «Әкелер мектебі» жобасы балабақшада **жүйелі түрде жүргізілсін.**

2.2. Әкелердің тәрбиелік іс-шараларға, спорттық және шығармашылық жұмыстарға қатысуы қамтамасыз етілсін.

2.3. Әкелермен өткізілген жұмыстардың нәтижелері фотоесеп, талдау түрінде жинақталсын.

**Жауапты:** тәрбиеші Джунускулова Р.

**Мерзімі:** жыл бойы

## **3. Жасаналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс бойынша**

3.1. Жасаналармен жеке және топтық кеңес беру жұмыстары күшейтілсін.

3.2. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету жалғастырылсын.

3.3. Ата-аналармен өз ара сенімді қарым-қатынас орнату бағытындағы жұмыстар жүйелендірілсін.

**Жауапты:** тәрбиеші Налибаева С.

**Мерзімі:** тұрақты

## **4. Мектеп пен сабақтастық қамтамасыз ету бойынша**

4.1. «Бастауышпен көпір» жобасы аясында мектеп пен бірлескен іс-шаралар жалғастырылсын.

4.2.

Балаларды мектепке психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан даярлау жұмыстары күшейтілсін.

4.3. Бастауыш сынып мұғалімдері мен тәжірибе алмасу ұйымдастырылсын.

**Жауапты:** әдіскер Налибаева А.

**Мерзімі:** оқу жылы бойы

## **5. Ата-аналармен хореографиялық жұмыс бойынша**

5.1. Балалардың хореографиялық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық нығайтылсын.

5.2. Ата-аналарға ұй жағдайында орындалатын жаттығулар ұсынылсын.

5.3. Бірлескен ашық көрсетілімдер ұйымдастырылсын.

**Жауапты:** хореограф Акбарова Д.

**Мерзімі:** жыл бойы

## **6. Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру бойынша**

6.1. Мектеп жасына дейінгі балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

6.2. Құқықтық түсініктер ойын,

көрнекілік және жағдаяттықтапсырмалар қылы берілсін.

6.3. Ата-аналармен бірлескен құқықтық бағыттағы жұмыстар ұйымдастырылсын.

**Жауапты:** тәрбиеші Есалиева А.

**Мерзімі:** тұрақты

**Шешімі**

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы **қанағаттанарлық** деп танылсын.  
Жұмысты жүйелі түрде жалғастыру тапсырылсын.  
*Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер.*
2. «**Әкелер мектебі**» жобасы отбасы рөлін нығайтуды іс жүзінде танытып, жобаны оқу жылы бойы жүйелі түрде жүргізу ұсынылсын.  
*Жауапты: Джунускулова Р., топ тәрбиешілері.*
3. «**Жасаналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс**» бағыты бойынша тәжірибе барлық топтарда қолданылсын, ата-аналармен жеке және топтық жұмыс күшейтілсін.  
*Жауапты: Налибаева С., педагог-психолог.*
4. «**Бастауышпен көпір**» жобасы аясында мектеп пен сабақтастық жұмыстары жоспарлы түрде жалғастырылып, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.  
*Жауапты: Налибаева А., тәрбиешілер.*
5. Балалардың **хореографиялық қабілеттерін** дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық тарттыру мақсатында ашық сабақтар мен шеберлік сағаттары өткізілсін.  
*Жауапты: Акбарова Д.*
6. Балаларда **құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** бойынша танымдық іс-шаралар оқу қызметіне жүйелі түрде енгізілсін.  
*Жауапты: Есалиева А., топ тәрбиешілері*

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



Р.Джунускулова

А.Налибаева